"Қайтыс болған адамдардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды Қазақстан Республикасына жіберу үшін ресімдеу Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы № 262 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 08-1-1-1/669 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Қайтыс болған адамдардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды Қазақстан Республикасына жіберу үшін ресімдеу Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы № 262 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 1385 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені» журналында 2001 жылы жарияланған, № 14, 363-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Қ. Сарыбай

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы
_____ Е.Байжүнісов

2014 жылғы 11 қаңтар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК